

**Қандыағаш өнеркәсіптік-экономикалық колледжінің  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне  
ішкі талдау нәтижелері бойынша  
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

**Қандыағаш қаласы**

**2025 жылғы 11 маусым**

Қандыағаш өнеркәсіптік-экономикалық колледжінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 46 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

**Талдауды жүргізу кезеңі:** 2025 жылдың мамыр-маусым аралығы

**Талданатын нысан туралы мәлімет:**

**Мекенжайы:** Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы Құндызды тұйығы 2

**Талдау нысаны:**

Қандыағаш өнеркәсіптік-экономикалық колледжі

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:**

- 1) басқарманың қызметіне ықпал ететін ішкі нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Колледж бойынша бұйрықтар жүйелі түрде жүргізіледі және жыл соңына дейін нөмірленеді. Тексеру кезінде барлық бұйрықтар орнында болды және бұйрықтарды тіркеу кітабында тіркеледі. Бұйрықтарды тіркеу кітабы өз кезегінде нөмірленіп, тігілген Сәйкессіздіктер мен кемшіліктер анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау кезінде Қандыағаш өнеркәсіптік-экономикалық колледжінің жұмыс тобы мүдделер қақтығысының, жұмысқа қабылданған қызметкерлердің құрылымдық бөлімшелердің үлестігінің, кадрлардың ауысу себептерінің, қызметкерлерді жұмыстан шығарудың(лауазымын төмендетудің), жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен жұмысының, қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тиымдардың болуына қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді. Жақын туыстарының (ата-аналарының), балаларының, асырап алушыларының, аға-інілері мен апа-сіңілілерінің, аталарының, әжелерінің, немерелерінің немесе жұбайының атақаратын лауазымына тікелей бағынатын бос лауазымдарды ауыстыру кезінде үлестік қатысудың фактілері анықталған жоқ.

Нормативтік құқықтық актілер талаптарға сәйкес жүргізіледі. Дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін фактілер анықталған жоқ.

Қаржы –шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру нәтижелері бойынша 2024 жылғы 1 сәуірден 2025 жылғы 1 мамырға дейін орындауға 65 шарт жіберілді. 65 шарт толық орындалды.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Жұмыс тобы ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет мәселелеріне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзушылықтардың болуына талдау жүргізді:

-педагогтерге педагогикалық жүктеме беру қаулыға сәйкес келеді.

ҚР Үкіметінің 2015жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Еңбекақы төлеу жүйесі туралы» азаматтық қызметшілерді, қаражат есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлерін және бір қызметкерге 1,5 ставкадан аспайды. 2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық жүктеме (тарифтеу)колледж басшысы бекіткен және Ақтөбе облысының білім басқармасымен келісілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бойынша іс шараларды іске асыру шеңберінде қызметкерлер мен білім алушылар үшін дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізіледі.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынасары М.Балымова колледж педагогтерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізді.

Талданып отырған кезеңде ҚР-ның әкімшілік және қылмыстық заңнамасымен реттелетін лауазымдық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар фактілер анықталған жоқ.

Анықтамада көрсетілген талдауға байланысты барлық мәліметтерді өз бөліміне жауапты адамдар қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл мақсатында белгіленген шектеулерді, тыйымдарды свқтамау және міндеттерді орындамау жағдайлары анықталған жоқ.

#### Ұсыныс:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимылды азайту және насихаттау жөніндегі шараларды жетілдіру жөніндегі жұмысты күшейту.

Колледж директоры:

Ж.Оразханов

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

А.С.Кулкаева

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

М.Балымова

Әдіскер:

А.Ж.Ахметова

Бас есепші:

Ж.С.Буранкулова

Кадр бөлімінің инспекторы:

Т.С.Накешова